

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 19 ақпандағы № 172 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 ақпанда № 35739 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әскери міндептілер мен әскерге шақырылушиларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әскери міндептілер мен әскерге шақырылушиларды әскери есепке алу қағидаларында:

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Жыл сайын қантар – наурызда тіркеу жылында 17 жасқа толатын ер азаматтар әскерге шақыру учаскесіне тіркеледі.

Тіркеуді жергілікті атқарушы орган ауданынц (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сымен бірлесіп, азаматтарды әскери есепке қабылдау, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау, білім деңгейін, алған мамандығы мен дene шынықтыру дайындығы деңгейін белгілеу мақсатында ұйымдастырады және жүргізеді.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы деректер негізінде ауданынц (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО әскерге шақыру ресурсын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының түрлері мен әскер тектері бойынша алдын ала бөледі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) мамандандырылған ұйымында әскери-техникалық және өзге де мамандық бойынша оқыту үшін кандидаттарды алдын ала және әскери, арнайы оқу орнына оқуға түсуге ниет білдірген адамдарды іріктейді.

Азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді олардың тұрақты тұрғылықты жері бойынша ауданынц (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО жүргізеді.";

35-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әскери-техникалық және өзге де мамандық бойынша Министрліктің мамандандырылған ұйымында деңсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, ол туралы әскерге шақырылушиның есепке алу картасына жазылады";

54 және 55-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында (бұдан әрі – Министрліктің мамандандырылған ұйымы) ақылы негізде әскери оқытылған резервті

даярлау бағдарламасы бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандық бойынша білім алған әскерге шақырылушылар тұрғылықты жері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына әскери міндettілердің әскери есебіне беріледі.

Министрліктің мамандандырылған ұйымы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша даярлықтың толық курсынан өткен әскери міндettілер мен әскерге шақырылушылардың атаулы тізімін және мамандандырылған білім беру ұйымының мөрімен куәландырылған әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификат (бұдан әрі – сертификат) көшірмесін оқу аяқталған сәттен бастап 3 күннен кешіктірмей тұрғылықты жері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына жібереді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында әскерге шақырылушылардың атаулы тізімін және сертификат көшірмесін алған кезде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- 1) әскерге шақырылушының есепке алу картасының 5-бөлімінде әскери міндettілердің есебіне беру туралы белгі қойылады;
- 2) әскерге шақырылушылардың жеке ісі аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының бастығы бекіткен акт бойынша 7 жұмыс күнінен кешіктірілмей әскери міндettілерді есепке алу бөлімшесіне беріледі;
- 3) есептік-әліпбилік кітаптың 8-бағанында запасқа алу немесе әскери есептен шығару үшін әскерге шақырылушылардың жеке ісін беру актісінің күні мен тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сы бастығының "қатардағы жауынгер" әскери атағын беру туралы бұйрығы шығарылады;
- 5) ҚР ҚМ АЖ-ның электрондық есепке алу карточкасы толтырылады;
- 6) әскери міндettілердің есебіне қабылданған әскерге шақырылушылардың есепке алу картасы сақтауға мұрағатқа беріледі;
- 7) есептік-әліпбилік кітаптың 9-бағанында әскерге шақырылушының есепке алу картасының сақталатын орны туралы белгі қойылады.

55. Запастағы офицерлер мен сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтар тұрғылықты жері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына запастағы офицерлер мен сержанттардың әскери есебіне беріледі.

Әскери кафедра:

- 1) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен және оқуды бітіру емтиханын тапсырған азаматтарға:

осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен азаматтардың атаулы тізімін жасайды және мынадай негізгі құжаттарды қамтитын офицердің жеке ісін қалыптастырады: қызметтік карта, нөмір бойынша есепке алу карточкасы, жетон, аттестаттау парагы, офицер

атағын беруге ұсыным, мінездеме, офицер атағын беру туралы бұйрықтан үзінді, жоғары оқу орнын бітіргені туралы дипломның көшірмесі (нотариат растиған);

офицер атағын беру туралы бұйрықтан үзіндіні алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей атаулы тізімді және жеке істі оқу орнының орналасқан жері бойынша елорданың, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың қорғаныс істері департаментіне жібереді;

2) запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтарға:

осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен азаматтардың атаулы тізімін жасайды;

оқу орнының орналасқан жері бойынша "Запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын аяқтаған азаматтарға "кіші сержант" ("медицина қызметінің кіші сержантты") әскери атағын беру туралы" елорданың, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың қорғаныс істері департаменті бастығы бұйрығының жобасын (бұдан әрі – бұйрық жобасы) әзірлейді;

азаматтар әскери кафедраны бітірген сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей атаулы тізімді, бұйрық жобасын (мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық және қағаз түрінде), оқу орны ректорының әскери кафедраға қабылдау туралы бұйрығынан үзіндіні және әскери кафедрада оқуды бітіру емтиханын тапсыру хаттамасынан үзіндіні (мөрмен расталған) оқу орны орналасқан жер бойынша елорданың, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың қорғаныс істері департаментіне жібереді.

Корғаныс істері департаменті:

1) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен және оқуды бітіру емтиханын тапсырған азаматтардың жеке істерін әскери кафедрадан алған кезде;

2) запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтарға арналған құжаттарды әскери кафедрадан алған кезде:

олардың бар болуын және дұрыс ресімделуін тексереді;

дәлсіздік анықталған не қате болғанда құжаттарды әскери кафедраға қайтарады;

әскери атақ беру туралы бұйрық шығарады;

алынған құжаттарды жеке іске тігеді және мұрағатқа сақтауға береді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында азаматтардың әскери кафедраны бітіргені және оларға әскери атақ берілгені туралы ҚР ҚМ АЖ-сынан хабарлама алғанда мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) әскерге шақырылушиның есепке алу картасының 5-бөлімінде әскери міндеттілердің есебіне беру туралы белгі қойылады;

2) әскерге шақырылушилардың жеке ісі аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының бастығы бекіткен акт бойынша 7 жұмыс күнінен кешіктірілмей әскери міндеттілерді есепке алу бөлімшесіне беріледі;

3) есептік-әліпбілік кітаптың 8-бағанында запасқа алу немесе әскери есептен шығару үшін әскерге шақырылушылардың жеке ісін беру актісінің күні мен тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) ҚР ҚМ АЖ-сының электрондық есепке алу карточкасы толтырылады;

5) әскери міндептілердің есебіне қабылданған әскерге шақырылушылардың есепке алу карталары белгіленген тәртіппен сақтауға мұрағатқа беріледі;

6) есептік-әліпбілік кітаптың 9-бағанында әскерге шақырылушының есепке алу картасының сақталатын орны туралы белгі жасалады.

Қажет болғанда запастағы офицерлер немесе сержанттар бағдарламасы бойынша даярлықтан өткенін растау үшін азаматтарға олардың өтініші бойынша оку орнының әскери кафедралары осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама береді.":

32-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

35-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

40-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне куәліктер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 9 шілдедегі № 526 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19008 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

бұйрықтын кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 176) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне куәліктер беру қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын; көрсетілетін қызметті берушінің атауын; мемлекеттік қызмет көрсету тәсілін; мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін; мемлекеттік қызмет көрсету нысанын; мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін; мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгенде оны алу тәсілін ; көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектісінің жұмыс кестесін; мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесін; мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негізді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшелігі ескерілген өзге де талаптар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Ұлы Отан

соғысының ардагеріне куәлік беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) нысанында жазылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрақты тіркелген жері бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы не көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) куәланырылған электрондық нысанда www.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш береді.

Құжаттар қабылданғанда Мемлекеттік корпорация қызметкери көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді не көрсетілетін қызметті алушы толық құжаттар топтамасын ұсынбағанда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәланыратын (сәйкестендіру үшін) құжат туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкери және көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген көзден графикалық файл түрінде көлемі 30x40 миллиметр цифрлық фотосуретті қосымша алады.

Порталға жүгінгенде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін Мемлекеттік корпорация филиалын таңдайды. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алған күнін көрсетіп, өтінішті қабылдағаны туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түсін күні оларды қабылдауды, тіркеуді және жауапты орындаушыға орындау үшін беруді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 1 жұмыс күні ішінде құжаттарды қарауды жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының құқықтық мәртебесін растайтын ақпарат және қажетті мәліметтер болғанда беру үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама (бұдан әрі – бас тарту туралы хабарлама) дайындауды ұйымдастырады.

Куәлік беру үшін ақпарат және қажетті мәліметтер болмағанда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

30 жұмыс күніне дейін – Қазақстан Республикасының тиісті органынан растауды алу қажет болғанда;

90 жұмыс күніне дейін – кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны Мемлекеттік корпорация арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе портал арқылы жүгінгенде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық нысанда 1 жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы хабардар етіп,

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы елдерінің архивінен ақпарат алу қажет болғанда ұзартылады.

Сұрау салынған ақпаратты және қажетті мәліметтер алынғанда 1 жұмыс күні ішінде куәлік не бас тарту туралы хабарлама ресімделеді және беріледі.

Порталға жүгінгенде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" күәліктің дайын екені туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

Бас тарту туралы хабарлама Тізбенің 9-бөлімінде көзделгенде ресімделеді.;

1-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап ұш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты Бірынғай байланыс орталығына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, "Электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына, Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органына және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және елорданың жергілікті атқарушы органына жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрлік бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

P. Жаксылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік күзет қызметі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы қызмет)
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2025 жылғы 19 ақпандасы
№ 172 бұйрығына
1-қосымша
Әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алу
қағидаларына
32-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою" Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар үшін;
- 2) әскери қызметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарғы қызметтен шығарылған азаматтар, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орнынан оқудан шығарылғандар (немесе) келісімшартты бұзған курсанттар, тындаушылар үшін;
- 3) бұрын әскери есепте тұрған бас бостандығынан айыру орнынан босатылған азаматтар үшін;
- 4) әскери-есептік мамандық алып, білім беру үйімін аяқтаған әйелдер үшін;
- 5) бұрын әскери есепте тұрмаган, оның ішінде бас бостандығынан айыру орнынан босатылған ер азаматтар үшін

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілі	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	3 жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында әскери міндеттілерді немесе әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою туралы хабарлама не осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Тізбенің 9-бөлімінде көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызмет	

6		алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделгенде оны алу тәсілі	Тегін
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күнінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмaga дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, тұсқи асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін;</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күні жүгінгенде өтінішті қабылдау күні келесі жұмыс күні болып табылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекенжайы:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.mod.gov.kz интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz порталында орналастырылған</p>	
		<p>1) Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери есепке қою туралы өтініш; көрсетілетін қызметті алушы әскери қызметке қатынасын растайтын электрондық құжатты (болса) ("Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған аударма не мемлекеттік немесе орыс тіліне аударма жасаған аудармашы қолының түпнұсқалығын нотариус куәландырган) өтінішке тіркейді; көрсетілетін қызметті алушы білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесін (болса) ("</p>	

<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін кәжетті құжаттар тізбесі</p>	<p>Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылған аударманы не мемлекеттік немесе орыс тіліне аударма жасаған аудармашы қолының түпнұсқалығын нотариус куәландырған) өтінішке тіркейді;</p> <p>2) әскери қызметтен, құқық корғау және арнаулы мемлекеттік органдарды қызметтен шығарылған азаматтар, сондай-ақ әскери, арнайы оқу орнынан окудан шығарылған және (немесе) келісімшартты бұзған курсанттар, тыңдаушылар үшін:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери есепке қою туралы өтініш; көрсетілетін қызметті алушы әскери есепке қою туралы нұсқаманың электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушы әскери билеттің (болса) электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушы әскери қызметке жарамдылық санатын растайтын құжаттың (денсаулық жағдайы бойынша қызметтен шығарылғандар (окудан шығарылғандар) үшін) электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді;</p> <p>3) бас бостандығынан айыру орнынан босатылған, бұрын әскери есепте тұрган азамат үшін:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери есепке қою туралы өтініш; көрсетілетін қызметті алушы білімі туралы құжаттың (болса) электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді;</p>
---	---

көрсетілетін қызметті алушы қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен алған босатылған туралы анықтаманың электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді;

4) әскери-есептік мамандық алып, білім беру үйімін аяқтаған әйелдер үшін;

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери есепке қою туралы өтініш; көрсетілетін қызметті алушы білімі туралы құжаттың (болса) электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді;

5) бұрын әскери есепте тұрмаған, оның ішінде бас бостандығынан айыру орнынан босатылған ер азамат үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери есепке қою туралы өтініш; көрсетілетін қызметті алушы білімі туралы құжаттың (болса) электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді;

көрсетілетін қызметті алушы осы Қагидаларға 40-қосымшага сәйкес нысан бойынша азаматты медициналық куәландыру картасының электрондық көшірмесін (әскери қызметке жарамдылық дәрежесін айқындау туралы қорытындысы бар) өтінішке тіркейді;

көрсетілетін қызметті алушы қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен алған (бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдар үшін) босатылғаны туралы анықтаманың электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді.

Осы көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрін көрсету кезінде жеке басын куәландыратын құжаттар, туған жері, некеде болуы, отбасы құрамы, білімі, тұрғылықты жері немесе уақытша

		болатын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады
9	Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз	<p>1) көрсетіletіn қыzmettі alushy мемлекеттіk көrsetіletіn қыzmettі alu үshіn ұsyngan құjattardыn жәne (немесе) oлардағы деректердіn (mәlіmetterdіn) дұryс еместіgіn anыktau;</p> <p>2) көrsetіletіn қыzmettі alushyныn қажettі ұsyныlgan материалдыn, деректердіn жәne mәlіmetterdіn осy Қагidalарда белгіlenген talapтарғa сәykes kелmeuі</p>
10	Мемлекеттіk қыzmet kөrsetu, onыn iшіnde электрондыk нысanda көrsetіletіn қыzmet erekshelіgi eскерілgen өзге de talaptar	<p>Osy Tіzbenіn 8-bөlіmіnde kөrsetіlgен sanatty қоспағанда, azamatтарды kейіnnен әskeri esepke қою жана tұrғylыktы жerіne tіrkelu бойыnsha ЖТМДК-dan mәlіmet KР MO AЖ-ғa тұskende өtіniш жасamай жүzеге aсыryлады.</p> <p>Azamatты әskeri esepthen aludy ЖӘБО tұrғylыktы жerі auyysқanda automattы tұrde жүzegе aсыradы.</p> <p>Tұrғylыktы жerі бойыnsha tұrakty tіrkeluden alynfan azamat соnғy tұrғylыktы жerі бойыnsha әskeri esepte tұradы.</p> <p>Azamatтыn әskeri esepthe tұrғanы tуралы mәlіmet azamatтыn "электрондыk үkіmet" portalыndaғы "жеке кабинетіnde" kөrsetіledi.</p> <p>Kөrsetіletіn қыzmettі alushyныn қашыktan қолжetimdlіk режиміnde kөrsetіletіn қыzmettі berushini anыktama қыzmeti, Bіryңgай bайланыs орталығыныn 1414, 8 800 080 7777 telefоnы arқылы мемлекетtіk қыzmet kөrsetu belgіsі tуралы aқpаратты aluғa мүмкіndіgі bar.</p> <p>Kөrsetіletіn қыzmettі alushy ЭЦК-sы болғanda мемлекетtіk kөrsetіletіn қыzmettі portal</p>

	<p>арқылы электрондық нысанда ала алады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның www.gov4.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы акпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады</p>
--	--

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрі

2025 жылғы 19 ақпандасы

№ 172 бұйрығына

2-қосымша

Әскери міндеттілер мен

әскерге шақырылушыларды

әскери есепке алу

қағидаларына

35-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	www.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	3 жұмыс күні Акпаратты мемлекеттік органдар мен ұйымдардан (мұрағаттан), оның ішінде басқа елден алу қажет болғанда мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны бір жұмыс күні ішінде мерзімнің ұзартылғаны туралы хабардар етумен 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
		Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру

5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	(түзету) туралы хабарлама не осы Қагидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Тізбенің 9-бөлімінде көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделгенде оны алу тәсілі	Тегін
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күнінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмaga дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, тұсқi асқa үзiлiс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін;</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті коспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күні жүгінгенде өтінішті қабылдау күні келесі жұмыс күні болып табылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетеу орындарының мекенжайы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында; 2) www.egov.kz порталында орналастырылған
8	Мемлекеттік қызмет көрсетеу үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Порталдағы "жеке кабинетте" мәліметтер дұрыс көрсетілмеген не болмағанда көрсетілетін қызметті алушы:</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтініш толтырады;</p> <p>өзектілендіру (түзету) қажет етілетін мәліметтің бар болуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесін қоса береді.</p>

		Жеке басын күәландыратын құжаттар туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлозі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады
9	Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін ұсынылған қажетті материалдың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талантарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған және жіберілген сұрау салуға сәйкес алынған ақпараттың және өзектілендіру (түзету) қажеттілігін растайтын қажетті мәліметтердің жеткіліксіздігі.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетіletтіn қызмет ерекшелігі ескерілген өзге де талаптар	<p>Көрсетіletтіn қызметті алушының қашықтан қолжетімділік режимінде көрсетіletтіn қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы мемлекеттік қызмет көрсету белгісі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетіletтіn қызметті алушы ЭЦК-сы болғанда мемлекеттік көрсетіletтіn қызметті портал арқылы электрондық нысанда алалады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады</p>

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрі

2025 жылғы 19 ақпандағы

№ 172 бұйрығына

3-қосымша

Әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды

әскери есепке алу

қағидаларына

40-қосымша

Нысан

Фотоға арналған орын (қорғаныс істері бөлімінің (басқармасының) елтаңбалы мөрі)

Азаматты медициналық куәландыру КАРТАСЫ

1. Тегі, аты, бар болса әкесінің аты _____
2. Туған күні _____
3. Әскери атағы _____
4. Әскери-есептік мамандығы _____
5. Куәландыру нәтижесі:

20__ ж. "___" ____

20__ ж. "___" ____

Зерттеу

Жалпы қан талдауы		
Жалпы несеп талдауы		
Мерезге микропреципитацияның реакциясы (микрореакция)		
ЭКГ зерттеуі		
Кеуде қуысы ағзасының флюорографиясы		
Мұрын қосалқы қуысының рентгенограммасы		
Көздің ішкі қысымы		
Қанды қантқа талдау		
Басқа да мәліметтер (зерттеу)		
Бой/дene салмағы		
Маман-дәрігер		
Хирург		
Терапевт		
Невропатолог		
Окулист		
Оториноларинголог		
Стоматолог		
Психиатр		
Басқа да қажетті мамандар		
Диагнозы		

M.O. (Комиссия төрагасының жеке мөрі)	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 722 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы 22 желтоқсанда № 21863 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Карулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеру үшін адамдар денсаулық жағдайына қойылатын талаптардың_____-бағаны____ - тармағының ____ - тармақшасы негізінде	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 722 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы 22 желтоқсанда № 21863 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Карулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеру үшін адамдар денсаулық жағдайына қойылатын талаптардың_____- бағаны____ - тармағының ____ - тармақшасы негізінде
	Комиссия төрагасы	Комиссия төрагасы
	әскери атағы,	әскери атағы,

қолы, инициалдары, тегі

қолы, инициалдары, тегі

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрі

2025 жылғы 19 ақпандағы

№ 172 бұйрығына

4-қосымша

Ұлы Отан соғысының

ардагерлеріне күәліктер беру

қағидаларына

1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне күәлік беру"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органды
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілі	<p>Өтінішті қабылдау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Мемлекеттік корпорация; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады
		<ol style="list-style-type: none"> 1 (бір) жұмыс күні; куәлік беру үшін ақпарат және қажетті мәліметтер болмағанда көрсетілетін қызметті алушыны бір жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы хабардар етіп, мерзімі 30 (отыз) жұмыс күніне дейін ұзартылады;

3	Мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі	<p>3) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республика Одағы елдерінің мұрагатынан акпарат алу қажет болғанда көрсетілетін қызметті алушыны бір жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы хабардар етіп, күелік беру мерзімі 90 (токсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.</p> <p>Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінгенде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алғанға дейін күтудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 15 (он бес) минут; 2) өтініш жасаған күні қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 15 (он бес) минут
4	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағазда
5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	<p>портала: көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін алу орны туралы акпарат не осы Қагидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша осы Тізбенің 9-бөлімінде көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік корпорация арқылы (көрсетілетін қызметті алушы порталда таңдаған филиал): Ұлы Отан соғысы ардагерінің күелігін беру.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгенде оны алу тәсілі	Тегін
		<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күнінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін;</p>

	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектісінің жұмыс кестесі</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күнінен бастап жұмаға дейінгіні қоса алғанда, түскі аска үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Мемлекеттік корпорация арқылы, дүйсенбіден бастап жұмаға дейінгіні қоса алғанда, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Мемлекеттік корпорацияның кезекші халыққа қызмет көрсете бөлімі арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күні жүгінгенде өтінішті қабылдау күні келесі жұмыс күні болып табылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсете орындарының мекенжайы:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz порталында орналастырылған</p>
	<p>1) Мемлекеттік корпорацияға: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұлы Отан соғысы ардагерінің куәлігін беруге өтініш;</p> <p>Ұлы Отан соғысы жылдарында әрекеттегі армияға катысуын растайтын әскери билет немесе анықтама;</p> <p>2) порталға:</p> <p>ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылғанда көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық күжат нысанында</p>

8	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан сұратылатын құжаттар мен мәліметтер тізбесі</p>	<p>мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш; Ұлы Отан соғысы жылдарында әрекеттегі армияга катысуын растайтын әскери билеттің немесе анықтамаың электрондық көшірмесі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын қуәландыратын (сәйкестендіру үшін) құжат туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері және көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттың жүйелерден алады, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген көздерден графикалық файл түрінде көлемі 30x40 миллиметр цифрлық фотосуретті қосымша алады</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) нақты еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және ұсынылған (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдардың, деректер мен мәліметтердің сәйкес келмеуі</p>
	<p>Тіршілік әрекетін шектейтін организм қызметінің тұрақты бұзылуымен денсаулығы нашарлаған көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды қажет болғанда Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы өтініш жасап, тұрғылықты жеріне барумен Мемлекеттік корпорация қызметкері жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушының кашықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда</p>	

<p>және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызмет ерекшелігін ескерілген өзге де талаптар</p>	<p>арқылы мемлекеттік қызмет көрсету белгісі туралы акпаратты алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦК-сы болғанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда ала алады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның www.gov4.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы акпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады</p>
---	---

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2025 жылғы 19 ақпандағы
№ 172 бұйрығына
5-қосымша
Ұлы Отан соғысының
ардагерлеріне қуәліктер беру
қағидаларына
3-қосымша

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 20 -бабының 2-тармағын басшылыққа алып, "Азаматтарға арналған ұқімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №_____ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына негізгі талаптарының тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауызыға байланысты _____

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттар атауы:

1) _____;

2) _____;

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болса) (қолы)

Орындаушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болса))

Телефоны _____

Алдың: _____

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болса) (қолы))

20__ жылғы "___" _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК